

**«МедиаMob school»  
жас мобилографтардың облыстық байқауы туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

«МедиаMob school» облыстық байқауды (бұдан әрі – Байқау) өткізу мақсаты, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

Байқаудың мақсаты: жарысқа қатысушылардың өзін-өзі шығармашылықпен көрсетуіне жағдай жасау, мобилографияны танымал ету және дамыту.

Байқаудың міндеттері:

- ойлау қабілетін мен қиялын, шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ету;
- шығармашылық дарынды оқушыларды анықтау және қолдау;
- оқушылардың компьютерлік графикалық бағдарламалармен және мобилографиялық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру және бекіту;
- оқушыларды мобилографияның жаңа бағытына тарту.

Байқауды білім басқармасының «Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы» КММ өткізеді.

Байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасын және ұйымдастыру комитетін құрады.

**2. Негізгі ұғымдар**

Мобилография – бұл құрал ретінде бастапқыда кәсіби фотографияға арналмаған, ұялы телефондар, қалталы дербес компьютерлер, планшеттер және т.б. кіріктірілген сандық камерасы бар электронды құрылғылар қолданылатын фотоөнер түрі.

Контент – ресурстың мазмұны, ақпараттық мазмұны.

Лайк – фотосуретті, бейне материалды немесе пайдаланушыны мақұлдаудың шартты көрінісі.

**3. Байқаудың шарттары мен тәртібі**

Байқау 2025 жылдың 24 қыркүйегі мен 22 қазан аралығында 7-11 сынып оқушылар арасында өтеді.

Өтінімдер **Bkociso@mail.kz** электрондық поштасы арқылы 2025 жылдың 29 қыркүйегіне дейін қабылданады.

**Өтінімсіз ұсынылған жұмыстар қазылар алқасының қарауына қабылданбайды!!!**

**4. Байқауға қатысу шарттары**

Байқауға ақпараттың құпиялылығы мен материалдарды көпшілікке пайдалану құқығын бұзбай, тек авторлық жұмыстар ұсынылады.

Байқауға келесі номинациялар бойынша бейнероликтер ұсынылады:

**«Үзіліс патшалары»** – оқушылар үзілісті қалай қызықты өткізеді?

**«Мектеп мем-фабрикасы»** – мектеп өмірінен әзіл мен қалжыңға толы сәттер;

**«Сахна артындағы сырлар»** – мерекелік дайындықтың қызықты тұстары;

**«Мектепке дейінгі минуттар»** – оқушылардың таңғы әдеттері, дайындық сәттері.

Бір қатысушы бір номинация бойынша қатыса алады және бір қатысушыға бір жетекші.

**Бейне роликтеріне қойылатын техникалық шарттар:**

- бейне роликтердің ұзақтығы – ең көбі 1 минут;
- сапасы: HD, Full HD;
- форматы: MP4; MOV.

**Байқау шарттары:**

- Өз мектебіңіздің инстаграм парақшаңызда REELS-ті жариялау;
- Оқушының аты-жөні, сыныбын көрсету;
- Таңдаған номинацияның атауын #ҮзілісПатшалары, #МектепМем-фабрикасы, #СахнаАртындағыСырлар, #МектепкеДейінгіМинуттар хэштегімен белгілеу;

Мысалы: #СахнаАртындағыСырлар

- @bqociso инстаграм парақшасына жазылу;
- @bqociso инстаграм парақшасын белгілеу (REELS салған кезде, «Отметить людей» дегенді басып, @bqociso инстаграм парақшасын белгілеу).

Байқау талаптарына сай келмейтін жұмыстар қаралмайды.

Басқа адамдардың материалдары мен интернет материалдарын пайдалануға тыйым салынады.

Байқау жұмыстары бұрын ешбір веб-сайтта жарияланбаған болуы керек.

Байқауға басқа байқауларға қатыспаған жұмыстар қабылданады.

## **5. Конкурстың қорытындысын шығару тәртібі**

Жеңімпазды конкурстық комиссия критерийлері бойынша анықтайды:

- жұмыстың таңдалған номинация тақырыбына сәйкестігі;
- креативтілігі;
- техникалық шарттарды орындалуы;
- бейне сапасы.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және грамоталармен марапатталады.

## **6. Байланыс ақпараты**

Білім басқармасының «Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы».

Мекен-жайы: Орал қаласы, Есқалиева, 72

Тел.: 31-03-05, e-mail: Bkociso@mail.kz